ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

# Sarbaz

№49 (2216) – 05 желтоқсан 2025 жыл
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

# СЕНАТОРЛАР ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖҰМЫСПЕН ТАНЫСТЫ

**Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында Парламент Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің көшпелі отырысы өтті.**



Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары вице-адмирал Серік Борамбаев депутаттарды заңнамадағы жаңа өзгерістерге сәйкес қорғаныс ведомствосында әскери-патриоттық тәрбие саласында жүзеге асырылып жатқан жобалар мен бастамалар туралы хабардар етті. Оның айтуынша, жастардың бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастыру – мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде стратегиялық маңызды міндет.



Қорғаныс министрлігінің мәдени-ағартушылық мекемесінде депутаттар қазақ батырларының және Ұлы Отан соғысы қаһармандарының бай мұрасын көрсететін Әскери-тарихи музейдің жәдігерлермен танысты.

Ұлттық әскери-патриоттық орталықтың бастығы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арман Әсенов Парламент депутаттарына мекеменің қызметі, Орталық ансамбль мен Орталық әскери оркестрдің жұмысы, сондай-ақ «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер қозғалысының дамуы туралы баяндап берді.

Профильдік комитеттің мүшелері күрделі жөндеуден кейін жаңартылған концерт залында болып, онда өтіп жатқан «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестиваліне қатысушылардың өнерін тамашалады.

– Біз музей кешенімен, шығармашылық ұжымдардың жұмысымен және «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметімен таныстық. Қаза тапқан жауынгерлердің есімін мәңгі есте қалдырумен айналысып келе жатқан «Мемориалдық аймақ» іздестіру тобының жетекшісі, энтузиаст Майдан Құсайыновты үлкен қызығушылықпен тыңдадық. Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауға бағытталған орталықтың кешенді жұмысын көрдік. Алдағы уақытта армияға шақыруға дейінгі жастармен, жаңадан шақырылған сарбаздармен, әскери қызметшілермен және олардың отбасыларымен жұмыс істеу бойынша заңнамалық өзгерістер қажет екендігін түсіндік, – деді Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Андрей Лукин.

Патриоттық тәрбие мәселелері бойынша кең ауқымды сұрақтар талқыланған отырыста тараптар жаңа тәсілдер іздеудің қажеттілігін атап өтті. Бұл жастарды ұлттық тарихпен терең таныстыруға және олардың азаматтық жетілуін нығайтуға көмектеседі.

Кездесуді қорытындылай келе, сенаторлар әскери-патриоттық және идеологиялық қамтамасыз ету жүйесін нығайтуға бағытталған бағдарламаларға заңнамалық қолдауды жалғастыруға дайын екенін жеткізді.

## БҰЛ НӨМЕРДЕ:


◆ ТҰЛҒА



АЛАШҚА ӘЙГІЛІ АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ
3-бет

С АРМИЕЙ В СЕРДЦЕ



◆ ЛИЧНОСТЬ
6-7 стр.

СЛАВНЫЕ ТРАДИЦИИ В НЕБЕ: ОТ ВЕРТОЛЕТОВ ДО БЕСПИЛОТНИКОВ

◆ БОЕВАЯ СЛАВА



9 стр.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

◆ ІРІМ



12-бет


БІЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕМІЗ:
facebook.com/sarbaz.kz
instagram.com/sarbaz.kz/
Twitter - @SarbazKz
www.sarbaz.kz

# АКТУАЛЬНАЯ ПОВЕСТКА

**В Министерстве обороны состоялась рабочая встреча военнослужащих департамента геоинформационного обеспечения Генерального штаба Вооруженных Сил с экспертами центральных государственных органов – РГП «Казгидромет», «Казаэронавигация», специалистами других войск и воинских формирований.**



На встрече были рассмотрены такие направления, как мобилизационная подготовка, развертывание специализированных пунктов управления, вопросы устойчивости коммуникаций, передачи данных по альтернативным каналам при ограничении доступа к сети интернет.

Основное внимание было уделено координации действий государственных органов, совершенствованию обмена информацией и повышению эффективности взаимодействия структурных подразделений гидрометеорологического обеспечения силовых структур в период чрезвычайных ситуаций.

Участники встречи обсудили общие подходы к оценке имеющихся ресурсов, включая специалистов и технические средства, а также возможности их оперативного привлечения при возникновении особых ситуаций.

Отдельным блоком специалисты рассмотрели вопросы развертывания межведомственного пункта управления гидрометеорологического обеспечения, необходимого для оперативного анализа данных и принятия решений в особый период.

Мероприятие направлено на повышение готовности государственных органов к действиям в особый период и укрепление системы обеспечения военной безопасности.

# МИССИЯ – ИНФОРМАЦИОННЫЙ ДЕСАНТ

**В Аягозском и Усть-Каменогорском гарнизонах побывала информационно-разъяснительная группа оборонного ведомства во главе с заместителем министра обороны по воспитательной и идеологической работе вице-адмиралом Сериком Бурамбаевым.**

В ходе рабочей поездки заместитель министра обороны вице-адмирал Серик Бурамбаев побывал в воинских частях, где состоялась церемония принятия Военной присяги молодыми солдатами. Отметив значение этого ритуала, замминистра пожелал бойцам успехов в боевой подготовке и настойчивости в овладении военно-учетной специальностью. Он также побеседовал с родителями солдат срочной службы, приехавшими в часть по случаю принятия присяги.

В составе информационного десанта в регион прибыли офицеры департаментов воспитательной и идеологической работы, военного образования и науки, экономики и финансов, юридической службы и Главного управления военной инфраструктуры. К разъяснительной работе были привлечены также представители местных исполнительных органов, «Отбасы банка» и проекта «Қарызсыз қоғам», призванного помочь гражданам повысить финансовую грамотность.

Военнослужащих ознакомили с мерами, принимаемыми руководством страны и Министерством обороны для улучшения их социального самочувствия, финансового обеспечения и повышения морального духа.

В гарнизонах члены информационно-разъяснительной группы провели прием военнослужащих по личным вопросам. Каждому обратившемуся разъяснили новые нормы законодательства, касающееся



обеспечения жильем военнослужащих и порядка получения жилищной компенсации.

Офицеры Минобороны посетили также военный госпиталь, средние школы, где обучаются дети военнослужащих, провели обход военного городка Аягозского гарнизона и побеседовали с его жителями.

# ПУТЬ В СВЕТЛОЕ БУДУЩЕЕ

**В Казахстане продолжается реализация проекта, направленного на повышение престижа Вооруженных Сил и мотивации молодежи к прохождению срочной службы.**




В 2025 году гражданам, завершившим службу, предоставлено свыше трех тысяч государственных образовательных грантов: более двух тысяч - для весеннего призыва 2024 года, свыше тысячи - для призыва осени 2024 года.

В течение двух лет после увольнения из армии казахстанцы могут поступить в гражданские и военные вузы без сдачи ЕНТ на платной основе. Также предусмотрена возможность получить высшее образование за счет государства - для участников проекта «Sarbaz 2.0», успешно прошедших конкурсный отбор.

Прозрачность распределения грантов обеспечивает информационная система «Sarbaz 2.0», где фиксируются показатели боевой подготовки, дисциплины и результаты тестирования каждого военнослужащего. Итоги отбора публикуются на платформе, что позволяет участникам самостоятельно проверять свои данные.

С 2025 года обладателям госгрантов предоставляются дополнительные льготы: стипендия, общежитие и внеконкурсное обучение на военной кафедре, что открывает путь к офицерской службе.

С момента запуска проекта в 2023 году гражданам, прошедшим срочную службу, выделено более девяти тысяч образовательных грантов.



# АЛАШҚА ӘЙГІЛІ АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ



**Кейіпкеріміз ойдан шығарылған тұлға емес, кезінде мыңдаған қатарластары секілді әскери саланы таңдаған адам. Қызметтің қиыншылығына шыдап, тағдырдың тепкісіне төзе білген. Маңдай терін төге жүріп, жарты жолдан бұрылмай өзіне және айналасына кәсібилігін таңыта білген және танытып та жүрген жан.**

Алашқа әйгілі Армия генералы Мұқтар Қапашұлы Алтынбаев 1945 жылы кенді қала Қарағандыда көп балалы шахтердің отбасында дүниеге келген. Сол қаладағы қазақ орта мектебін тәмамдағаннан кейін еңбек жолын шахтада жұмысшы болып бастапты. Өндірістен қол үзбей жүріп, ол Қарағандыдағы авиациялық оқу-жаттығу орталығында оқыды. Отан алдындағы азаматтық борышын Кеңес әскері қатарында өтеген. 1966 жылы әскери ұшқыштардың Кинель-Черкасск



оқу-жаттығу орталығында истребитель-ұшқыш оқуын бітірді. Сосын маман ретінде ұшқыштық қызметке жіберілген.

1982-1985 жылдары Г.К. Жуков атындағы Әскери командалық академияда оқып, оны үздік бітіріп шығады. Бұдан кейін Кеңес армиясында дивизия және корпус командирі қызметтерін атқарады.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ол Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары – Әуе қорғаныс корпусының командирі, Әскери-Әуе Күштерінің қолбасшысы қызметінде болады. 1996 жылдың қазанынан 1999 жылдың тамызына дейін және 2001 жылдың желтоқсанынан 2007 жылдың қаңтарына дейін ҚР Қорғаныс министрі лауазымын атқарды.

Әңгімені өмірдеректен бастауымның өз себептері бар. Бір ауыз сөзбен айтпағым мынау. Бала күннен оқу мен тоқуды қатар еміп өскен қарапайым шахтер баласы арманшыл Мұқтардың бүгінгі мемлекеттік масштабтағы көрнекті басшылардың біріне айналуында, ел тарихындағы елеулі әскери шен – Армия генералы атануында Мұқтар Қапашұлының өнегесінде түйер үлгілердің жатқандығы шындық. Бұл тұрғыда кейіпкеріміз жайлы ауылдастарының да, әріптестерінің де, көптеген жауапты лауазым иелерінің де, тіпті республикамыздағы және алыс-жақын шет елдердегі белгілі тұлғалардың да аузынан естіп жүрген әңгімелеріміз аз емес. Соның бірі – оның бала кезінен арманшыл, талапшыл және зерек болуында. Бала Мұқтардың да кіршіксіз арманы ұшқыш болу еді. Әкесі Қапаш ақсақал да баласына жақсы тәлім-тәрбие беріп, нағыз тұлға етіп өсірді.

Өйткені, өзі де талайлы тағдырды басынан кешірген адам. 1908 жылы Ақмола облысы Есіл ауданы №88-ші ауылда кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Бастауыш мектепті аяқтаған, еңбекке ерте араласып, колхозда, көмір өнеркәсібінде және шахтада әртүрлі жұмыстар жасаған. 1939, 1941 жылдары көмір өндірудегі ерен еңбектері үшін Көмір өнеркәсібі Халық Комиссариатының бұйрықтарымен екі дүркін «Социалистік жарыстың үздігі» белгісімен, ал 1942 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Ленин орденімен марапатталған. Қарапайым жұмысшыдан, шахта директорына дейін көтерілген. Осындай атадан өнеге көріп өскен кейіпкеріміз де өз арманына жету үшін бар күш-жігерін жұмсайды. Шахтада маңдай терін төге жүріп те, өз арманына қол жеткізді. Жоғарыда айтқан биік белестерді бағындыра білді. «Атадан ұл туса игі, ата жолын куса игі», – деген екен қазақтың төбе биі Төле би Әлібекұлы. Әке жолын қуған ұлы Муслім Мұқтарұлы да отандық Қарулы Күштерінің тарихында өз жолын салып, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары лауазымына дейін жетті.

Мұқтар Қапашұлы еліміздің қорғаныс қабілетін жоғары деңгейге көтере білген азамат. Әсіресе, бүгіндері маңызды болып тұрған әуе қорғанысы мен әскери әуе күштерін нығайтты. Сонымен қатар, әскери кадр даярлау ісіне аса көңіл бөлді. Оның бастамасымен біздің әскери қызметшілер тек отандық жоғары әскери орындарында ғана емес, шетелдің маңдайалды оқу орындарында білім алды. Өзінен кейін тәуелсіз елдің бір толқын офицерлерін дайындады. Бүгіндері олар Қарулы Күштердің берік негізін қалауда.

Оның өміріндегі тағы бір маңызды тұсы – Жоғары заң шығарушы органдағы қызметі. 2010-2017 жылдары ҚР Парламенті Сенатының депутаты болды. Бұл жерде білімі мен өмірлік мол тәжірибесін заң шығармашылық қызметке арнады. Сенаттың Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болып, Қазақстанның халықаралық саясаттағы атқарып жатқан жұмыстарын ілгері бастыруға күш салды. Соның ішінде жаһандық қауіп-қатерлерді болдырмау, қорғаныс, қауіпсіздік мәселелерімен терең айналысты. Депутаттық мінберді пайдаланып, әскери қызметшілердің әлеуметтік мәселесі мен Отан қорғау тақырыбын көп көтерді.

Өздеріңіз білетіндей, өзім де Кеңес Өкіметінің тұсында әскери саланы өмірлік серік еткен жанмын. Әскери білім алып сүйікті мамандығымды игергендердің қатарына іліктім. Соған қарамастан Мұқтар Қапашұлымен жақын араласуымыздың сәті еліміз егемендік алған кезде түсті. Екеуміздің жақын араласуымызға себепші еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Армия генералы марқұм Сағадат Нұрмағанбетов ағамыз болатын. Көзі тірісінде екеуміз де, жалпы барлық әскерилер Сағадат Қожахметұлын қатты құрметтедік. Уақыт өте мен Қорғаныс министрінің орынбасары лауазымына тағайындалған тұста, араластығымыз бұрынғыдан да жақындай түсті. Министр тұсында әскерилердің мәселесін жіті өз қадағалауында ұстады, ел басшылығының қатысуымен кең көлемдегі оқу-жаттығулар өткізетін. Жұмысына шегедей нық болғанымен, командир ретінде қатал болғанымен сарбаздарға деген ерекше қамқорлығы сезілетін. Қызметтен тыс ортада басымыз қосылған жағдайда үнемі салмақты ой, ұтқыр әзілімен ерекшеленетін. Оның білімі, көкірек көзінің ояу екені, зиялы азамат екені білініп тұратын. Ортаны орынды әзілдері арқылы іиріп әкететін лидерлік қасиеті де көзге көрініп тұратын.

Ұзақ жылғы еселі еңбегі үшін Қазақстан Республикасының ең жоғары марапаттарының бірі – «Халық қаһарманы» және «Алтын жұлдыз» ерекшелік белгісі мен «Отан» орденімен марапатталды. Бүгінде Армия генералы Мұқтар Қапашұлы Алтынбаев ҚР Қарулы Күштерінің Ардагерлер кеңесіне басшылық етеді. Сонымен қатар, екеуміз ҚР Орталық Ардагерлер кеңесі ұйымы Президиумының мүшелігіндеміз. Осы уақытқа дейін достығымыз уақыттың сынағынан сүрінбей өткеніне қуаныштымын. Биыл арманшыл азамат, Ұлы даламыздың дарабоз тұлғасы сексеннің сеңгірінен асқалы тұр. Осы атаулы күні Мұқтар Қапашұлына зор денсаулық, ұзақ өмір, баянды бақыт және Отанымыздың гүлденуі жолындағы қажырлы еңбегіне толайым табыстар тілеймін!

**Генерал-лейтенант**
**Абай ТАСБОЛАТОВ**

*Посвящается экс-министру обороны РК генералу Алтынбаеву М. К.*

## НОЧНОЙ ПОЛЕТ

*Представь, читатель:*
*Ночь глухая и страна большая спит.*
*А с военного аэродрома взлетает,*
*И в эту тьму самолет летит.*

*И в нем наш будущий министр*
*Летит один - приборы горят.*
*Ушел в бескрайнее пространство -*
*Ушел один - на перехват.*

*А цель за сотни километров,*
*Ее найти и отличить,*
*И если это нарушитель -*
*Прицелиться и метко сбить.*

*И это только часть заданья,*
*Теперь горючее храня,*
*После вернуться на сверхзвуке к аэродрому,*
*Сесть на полоску, тормозя.*

*Какой отвагой, силой духа,*
*Должен обладать пилот.*
*Наградой должен награждаться,*
*За обычный для него полет.*

*И неслучайно, все мы знаем,*
*В тяжелый для страны момент*
*Руководить военной силой*
*Ему поручил наш Президент.*

*И он командовал войсками,*
*Уверенно, твердой рукой.*
*Структура армии менялась,*
*И повышался рейтинг мировой.*

*При бюджете невысоком*
*Армия сохраняла дух свой боевой.*
*Ученья шли, мужали кадры,*
*И оснащение ее – вопрос был основой.*

*Мы, ветераны, с юбилеем поздравляем,*
*Желаем вам таким же энергичным быть.*
*Мухтар Капашевич, мы обещаем,*
*Что с Вами дальше будем Родине служить.*

**Г. Носоновский**



**«Астана» өңірлігі қолбасшылығы әскерлеріне қарасты Приозерск гарнизонының 06708 әскери бөлімі дабыл бойынша көтерілді.**

# ДАБЫЛ БОЙЫНША КӨТЕРІЛДІ

Әскери бөлімдерді дабыл бойынша көтерудегі басты мақсат – батальон және рота бөлімшелерінің арнаулы тапсырмаларды орындаудағы қабілеттерін тексеру еді.

Жауынгерлік дайындыққа келтірілгеннен кейін әскери бөлімдер белгіленген аудандарға марш жасап, ол жерде қойылған оқу-жауынгерлік нақты тапсырмаларды орындады. Дивизион командирлері шеру жағдайында әртүрлі шешімдер қабылдады.

Тексеріс барысында жеке құрамның штаттық қару-жарақтар мен құжаттары іс-қимылдар жасауына, тәжірибелік оқ атуларды орындауына, жауынгерлік даярлық пәндері бойынша нормативтерді жүргізуге және пысықтауға ерекше назар аударылды. Тексеру нәтижелері бойынша «Астана» өңірлігі қолбасшылығы әскерлерінің басшылығы жауынгерлік әзірлікті қажетті деңгейде ұстау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

# ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАМАСЫ

**Жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуына орай «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде салтанатты жиын болып өтті.**

Салтанатты жиында сөз сөйлеген 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Дамир Шарипов жеке құрамға жаңа оқу жылының басталу қадамына зор табыстар тіледі. Биік мінберден сөйлеген сөзінде әскери лауазымды басшы подполковник Дамир Алтайұлы: «Биылғы жаңа оқу жылының «Біртұтас ел – Біртұтас жер!» жауынгерлік ұраны бізге егемендi еліміздің тыныштығы мен аумақтық тұтастығын сақтау жолында әскери міндеттерімізді абыроймен атқарып жүргендіктен асқан жауапкершілікті жүктейді. Сондықтан да дәл қазіргі әлемдегі болып жатқан оқиғаларды ескере отырып, тәуелсіз Қазақстан елі тұрғындарының бейбіт өмірін сақтап тұру үшін осы сапта тұрған әрбір әскер қызметші әркез дайын тұру керектігін жеткіземін!» - деп қадап айтты.



Сап түзеген жеке құрам алдында дивизион командирі майор Айбек Дабаров, штабтық рота Телжан Орынгажиев құттықтау сөз сөйлеп, өз әріптестерін жауынгерлік сайысқа шақырды.

**Думан ЖҰМАШҰЛЫ**

# ӘСКЕРИ ТУМЕН ҚОШТАСТЫ

**Шымкент гарнизонында әуе шабуылына қарсы қорғаныс бригадасының жауынгерлері әскери тумен қоштасты.**

Шымкент гарнизонына қарасты әуе шабуылына қарсы қорғаныс бригадасының саптық алаңында әскери тумен қоштасу рәсімі өтті. Қатарында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеген 30-ға жуық сарбаз сап түзеп, әскери өмірінің жауапты кезеңін аяқтады.

Бұл күні саптық алаңда нәтиже көрсетіп, өз міндетін жоғары деңгейде орындағаны үшін ерекше аталды.

Азамат Гавит «Сарочник 2.0» бағдарламасы аясында Алматы технологиялық университетінде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – әскери қызметшілер үшін жаңа өмірлік мүмкіндіктер ашатын маңызды әлеуметтік жоба.



жас әскерилер ғана емес, бір жыл ішінде жоғары тәртіп пен жауынгерлік дайындық үлгісін көрсеткен сарбаздар да сапта тұрды. Салтанатты шараға бригаданың командирлік құрамы, әскери қызметшілер мен Қарулы Күштердің ардагерлері қатысып, әскерилерге алғыс білдіріп, болашақ өмір жолына сәттілік тіледі.

Бірқатар үздік сарбаздарға қызметтегі үлгілі тәртібі мен жауапкершілігі үшін алғыс хаттар мен грамоталар табысталды. Олардың арасында қатардағы жауынгер Азамат Гавит те бар. Ол бір жылдық әскери қызмет барысында жауынгерлік және дене дайындығы сабақтарында үздік

«Әскер маған көп нәрсе үйретті. Мұнда тәртіп, жауапкершілік пен командалық рухтың мәнін түсіндім. Енді алған тәжірибем мен білімімнің арқасында өмірдің жаңа кезеңіне сеніммен қадам басамын. Мұндай мүмкіндік үшін өз командирлеріме және барша ұстаздарым мен тәлімгерлеріме алғыс білдіремін», деді қатардағы жауынгер Азамат Гавит.

Саптық алаңда соңы әскери маршпен аяқталған бұл рәсім сарбаздардың бойындағы мақтаныш сезімін оятып, олардың әрқайсысының есінде ерекше күн ретінде қалды.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**

# САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛДЫ

**Қазақстан Республикасы Карулы Күштерінің Санитарлық-эпидемиологиялық орталығында Алматы гарнизоны Әскери полиция басқармасының және «Жаухар» ұлттық дәстүрді қолдау қорының өкілдерімен бірлескен түрде жеке құрамға арналған оқу-әдістемелік сабақтар ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.**

Іс-шараның негізгі мақсаты – жеке құрамның діни көзқарас саласындағы ақпараттық сауаттылығын арттыру, деструктивті идеологиялардың алдын алу, сондай-ақ әскери қызметшілер арасында қауіпсіздік мәдениетін нығайту болды.

Сабақ барысында «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында қатысушыларға радикалды ағымдардың белгілері, олардан сақтану жолдары, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне төнетін қатерлер туралы ақпарат берілді. Сондай-ақ, діни сауаттылықты арттырудың маңыздылығы мен құқықтық жауапкершілік мәселелері түсіндірілді.

Және де «Өміріңді сақта» тақырыбындағы профилактикалық дәріс кезінде өмір қауіпсіздігі ережелері, күнделікті қызмет барысында және тұрмыстық жағдайда кездесуі мүмкін қауіп-қатерлер, оларды болдырмау шаралары талқыланды. Қатысушыларға жеке жауапкершілік, сақтық шараларын сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша ұсыныстар берілді.



Оқу-сабақтарды ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, исламтанушы Нұрлан Мурзабаев, сондай-ақ Алматы гарнизоны Әскери полиция басқармасының өкілі, подполковник Берік Жарасов жүргізді. Олардың кәсіби тәжірибесі мен түсіндірмелік материалдары жеке құрамның білім деңгейін арттыруға және профилактикалық шаралардың тиімділігін күшейтуге ықпал етті.

Іс-шара соңында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тақырыптар бойынша жан-жақты ақпарат алды. Мұндай шаралар әскери ұжымдардағы ақпараттық қауіпсіздік пен тұрақты құқықтық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

# ОН ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС



**2015 жылдың 1 желтоқсанында Ұлттық әскери-патриоттық орталығының құрылуы айтарлықтай маңызды оқиға болды. Осы жылдар ішінде орталық жас ұрпақты тәрбиелеуде, армия имиджін қалыптастыруда және ұлттың рухани әлеуетін нығайтуда шешуші буын болды.**

Бүгінде бұл орталық – елдік рухтың тірегі, патриотизмнің қайнар бұлағы. Ал оның он жылдық жолы – жай ғана уақыт өлшемі емес, елге қызмет етудің, рух пен мәдениетті дамытудың, жас буынды тәрбиелеудің жауапты да жарқын еңбек кезеңі.

Он жыл ішінде Орталық Қарулы Күштердің айрықша бет-бейнесіне, миллиондаған адам ауқымы қамтылған мыңдаған негізгі мәдени-ағартушылық іс-шаралар мен патриоттық жобалар өткізілетін беделді алаңға айналды.

Атап айтсақ, 2015 жылдан бастап дәстүрлі түрде Халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны, Халықаралық армия ойындары, Алтын үкі, «Айбалта» әскери байқаулары, «Бейбітшілік кернейі», «Әскери керней» халықаралық фестивалдері, әскери парадтар, ерлік сабақтары мен акциялар, республика көлемінде ғана емес, Еуропа мен Азияның аты аңызға айналған сахналарындағы концерттер өткізіліп келеді.

Жауынгер халықтың мәдени-рухани мұрасын насихаттайтын, көркем үнді аспаптың қасиетімен жастар мен жауынгер арасында патриоттық рух пен сезімді қалыптастыратын, орталық әскери оркестрі мен орталық ансамблінің ұжымдары Қазақстан атын халықаралық сахнада лайықты дәрежеде танытты.

Орталықтың идеялық және мәдени бағытын қалыптастыратын көркемдік-қойылым бөлімі жүзеген концерт пен мәдени жобаның идеясын өмірге әкелді.

Орталықтың ерекше мақтанышы – әскери-тарихи мұражай. Мұнда ерлік, батырлық жәдігерлері қастерленеді, әскери дәстүрлер жалғасын табады және ұрпақтар арасындағы берік байланыс қалыптасады.

Бұдан өзге бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеп, саналы ұрпақтың болашағы үшін зор жауапкершілік арқалаған Тәрбие, идеологиялық әскери-патриоттық жұмыстар бөлімінің алатын орны ерекше. Бүгінгі күні бөлімнің үздіксіз жұмысының арқасында республика көлемінде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы құрылды. Қазіргі таңда қозғалыс қатарында 280 мыңнан астам жас патриот бар.

Қарулы Күштердің имиджін арттыруға ықпал ету мақсатында алғаш рет орталықта шығармашылық взводы құрылды. Қазіргі таңда ер жігіттей шыңдалған сарбаздар Қарулы Күштердің шығармашылық ұжымдарында келісімшарт бойынша қызметтерін жалғастырып келеді.





Аталмыш орталықтың құрылуы бір кездері Қарулы күштердегі патриоттық және мәдени тәрбие жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтерді. Бұған дейін бөлімдер мен гарнизондарда осындай жұмыс болғанмен, ол жүйелі емес еді. Орталықтағы мұражай ісі, музыкалық өнер, әскери-тарихи бағыт, жастармен жұмыс және ағартушылық жобалар әскери-патриоттық тәрбиенің өзегіне айналды. Басқаша айтқанда, бұл орталық әскери-патриоттық жұмыстың жүрегіне, мәдениетті, тарихты, музыканы, өнерді, білім мен идеологияны жеке тұлғаны тәрбиелеудің біріңғай жүйесін біріктіретін мекеме.

Ұлттық әскери-патриоттық орталықта бірнеше негізгі құрылымдық бөлімшелер: мұражай-тарихи кешен, шығармашылық ұжымдар мен әскери оркестрлер, мәдени-демалыс бөлімдері, мультимедиялық орталық, әдістемелік және ғылыми-талдау блогы бар. Бұлардың әрқайсысы адам бойында патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған жалпы механизмнің бөлігі ретінде жұмыс істейді.

Он жыл ішінде әскери-патриоттық жұмыс жүйесінде нағыз серпіліс болды. Еліміздің ірі гарнизондарында: Алматы, Гвардейск, Семей, Сарыөзек, Қонаев қалаларында құрамында өз оркестрлері, ансамбльдері, мұражайлары бар орталық филиалдарының кең желісі құрылды. Сондай маңызды жобалардың бірі жыл сайын төрт мыңнан астам жасөспірімді даярлайтын Қонаевтағы филиалдың базасындағы «Балдәурен» әскери-патриоттық лагерінің ашылуы болды. Жылдың кез келген уақытында оқудан қол үзбей жиырма күн бойы балалар армия жағдайында өмір сүріп, әскери қызмет негіздерін үйренеді, кәсіптік бағдарлау бағдарламаларына қатысады, инженерлік және десанттық-шабуылдау бөлімшелеріне барады, бастапқы парашюттік жаттығулардан өтеді.

Осындай орталықтардың көмегімен әскерге келген жас жігіт әскери дағдыларды игеріп қана коймай, рухани бай және жетілген, нағыз Отанның қорғаушы болу дегеннің не екенін түсінеді. Орталықтың мақсаты да сол – сауатты, рухани жетілген, елін сүйетін сарбаз тәрбиелеу.

Әскерге шақырылғанға дейінгі жастармен жұмыс бағыты бар. Бұл өте маңызды компонент. «Балдәурен» әскери-патриоттық лагері, «Жас сарбаз» жастар арасындағы әскери-патриоттық қозғалыс, кәсіптік бағдар беру іс-шаралары – осының бәрі болашақ сарбазды қалыптастырады. Әскерге шақыру кезінде ол армияның не екенін, оның не үшін қажет екенін және неге Отанға қызмет ету абыройлы міндет екенін түсінеді.

Бұл орталық мәдени байланысын кеңейтуді жалғастыра берері сөзсіз. Алдағы жылдардағы негізгі жобалардың бірі әскерде кинотеатрлардың ашылуы болмақ.

Орталық шағын кинотеатрлардың пайда болуына, кітапханаларды жаңартуға, мұражай коллекцияларын кеңейтуге, патриоттық мазмұнды цифрландыруға бастамашылық жасайды. Мұның бәрі жастардың заманауи мәдени сұраныстары мен гарнизондардың нақты мүмкіндіктері арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Сол сияқты әскери бөлімдермен, Ұлттық ұланмен және Шекара қызметімен ынтымақтастық жолға қойылған.

Әскери-патриоттық тәрбиенің заманауи жүйесі көп сатылы. Оның ішінде білім беру бағдарламалары – ерлік сабақтары, ардагерлермен кездесулер, тақырыптық көрмелер бар. Он мыңдаған оқушылар мен студенттерді біріктіретін «Жас сарбаз» қозғалысы, әскери-спорттық жиындар, «Айбын», «Қалқан» сияқты жастардың спартакиадалары мен олимпиадалары және басқа да шараларға қатысқан балалар өзара көмек пен тәртіпке үйренеді.

Бүгінде цифрлық кеңістікте Қазақстан тарихына арналған патриоттық контент, телехикаялар, деректі фильмдер, бейне жобалар жасау елеулі рөл атқарады. Бұны жастардың көруі маңызды.

Алда «Жас сарбаз» қозғалысы да дамып келеді. Енді «Жас сарбаздың» жалғасы ретінде «Отан қорғаушы» әскери-патриоттық қозғалысын Mobil Asker сандық платформасы арқылы іске асыру – жоспарда бар іс. Бұл дербес жұмыс істейтін цифрлық экожүйе, мектеп клубтарының, мерзімді қызмет сарбаздарының басын бір арнаға біріктіреді, мобильді резервтер қалыптастырады, аумақтық қорғаныс жасақтарын үйлестіреді. Одан өзге статистика жүргізіліп, үздіктерді объективті анықтауға мүмкіндік береді. Бұл платформа жастардың, олардың дағдыларының, дене шынықтыруының, технологиялық сауаттылығының жанды цифрландырылған картасы болады деп күтілуде.

Әскердегі мәдениет – рухани қару. Ол әскери қызметшілердің өміріне қаншалықты тереңдей енсе, соншалықты армияның қуаты артып, елін сүйетін жастар көбейері анық.

# С АРМИЕЙ В СЕРДЦЕ



**Новейшая история нашей страны помнит имена офицеров, на заре независимости верой и правдой служивших Отечеству, в едином порыве создававших Вооруженные Силы Казахстана. Они оставались верными присяге и офицерскому слову. Одним из них является военный деятель Казахстана, генерал-лейтенант Копен Ахмадиев, который 6 декабря отметит свой 70-летний юбилей.**

Детство будущего генерала прошло в Усть-Каменогорске. Он рос в большой дружной семье, в окружении двух братьев и двух сестер. Как и многие дети того времени, он много читал, проводя свободное время с героями произведений Александра Дюма, Жюля Верна, Сакена Сейфуллина. Копен Ахмадиев вспоминает, что напротив их дома была библиотека, в которой дети были частыми и желанными гостями. Это время навсегда поселило в нем любовь к чтению, и книги стали его верными спутниками в жизни.

Особые воспоминания нашего героя связаны с исторической трилогией казахского прозаика Абдижамила Нурпеисова «Кровь и пот», которую ему читал отец. В скором времени, уже будучи взрослым, он встретил автора этих книг и делился с ним воспоминаниями об этих литературных чтениях за семейным столом.

Важную роль в становлении личности генерала Ахмадиева сыграла школа. Он до сих пор с теплотой вспоминает своих преподавателей. Именно в школе мальчик полюбил географию, которая пригодились ему в профессии.

Теплые чувства у нашего героя вызывают уроки астрономии, на которых учитель увлеченно рассказывал о звездах и созвездиях. Даже сегодня, спустя много лет, генерал с легкостью может найти на небе почти все созвездия.

Годы детства и школьной юности Копен Ахмадиев называет счастливыми. Он с большой теплотой вспоминает то время, когда можно было беззаботно играть в хоккей с мячом, кататься на мотоцикле, рыбачить и купаться в речке. И, конечно же, как почти все мальчишки того времени, он мечтал быть военным.

В годы детства и юности нашего героя все еще свежи были в памяти людей раны, нанесенные Великой Отечественной войной, а в городах и селах страны жили фронтовики, своими глазами наблюдавшие все ее ужасы. Для детей той поры эти люди были примером воинской доблести и вызывали настоящий трепет.

- К нам часто приходили гости – сослуживцы отца со своими семьями. Это были профессионалы, работающие на промышленных предприятиях нашего края и знающие себе цену. В этот круг общения входили мастера высочайшего класса, люди рабочих профессий, пользующиеся большим уважением. Они носили ордена, но о войне говорили неохотно и никогда не хвалились своими подвигами, - делится воспоминаниями о ветеранах генерал Копен Ахмадиев.

В семье Копена Ахмадиева также, как и в миллионах других советских семей, есть своя трагическая история, связанная с войной. Наш герой рассказывает, что на фронте погиб родной брат его мамы Бауыржан, а девять ее двоюродных братьев пропали без вести.

Его отец был призван на фронт в самом начале войны, служил в органах милиции. За годы войны ему пришлось пережить голод, неоднократно сталкиваться с фашистскими группировками и бандитами. Встретив долгожданную Победу, он продолжил службу в милиции, получил офицерское звание и майором уволился на пенсию. Однако война забрала много родных и друзей отца.

Наблюдая за жизнью ветеранов и вдохновившись их примером, юный Копен решил связать свою судьбу со службой в армии, тем более профессия военного носила особый престижный статус. Заметную роль в выборе профессии сыграл военком города подполковник Анатолий Берберя, сумевший убедить юношей поступить в военное училище.

Молодой человек долго не мог сделать выбор, советовался по этому вопросу с друзьями, листал справочник «100 вопросов – 100 ответов», в котором была нужная информация обо всех военных училищах Советского Союза.

Принять окончательное решение ему помог случай. В общей компании друзей был молодой парень, который поступил в зенитно-ракетное училище г. Орджоникидзе имени Иссы Плиева. Он много рассказывал своим товарищам о нем, и ребята загорелись желанием стать специалистами ПВО.

Так его выбор пал на самое дальнее училище. К слову, в поступлении ему помогла хорошая школьная подготовка. Он с легкостью сдал экзамены и был зачислен.

Училище с богатейшей историей располагалось в живописном курортном месте Кавказа. Ранее в нем находились казармы кавалерии царской армии, затем они были переоборудованы в тюрьму, в которую был заключен известнейший деятель советской эпохи С. М. Киров.

Каждый день курсанты впитывали историю этого места. В казармах с высокими потолками была предусмотрена система кубриков. В каждой комнате жило одно отделение.

Вспоминая те годы, генерал отмечает, что за это время курсанты сильно сдружились, и каждый едва сдерживал слезы в момент выпуска. Однако большинству из них повезло, и они отправились служить на Дальний Восток, периодически встречаясь друг с другом.

Свои впечатления о годах, проведенных в училище, наш герой выразил строками известного поэта и певца Булата Окуджавы:

***Совесть, благородство***
***и достоинство -***
***вот оно, святое наше***
***воинство.***
***Протяни ему свою ладонь,***
***За него не стыдно и в огонь.***

***Лик его высок и удивителен.***
***Посвяти ему свой***
***краткий век.***
***Может, и не станешь***
***победителем,***
***Но зато умрешь,***
***как человек.***

Эти два четверостишья стали политическим кредо молодых людей того времени, выбравших для себя путь служения Родине. Для них понятие «честь» было непустым звуком. Каждый хотел отличиться и показать свои знания. Это мотивировало молодого курсанта, а затем офицера Копена Ахмадиева усиленно заниматься и углублять свои знания.

Первые офицерские годы Копена Ахмадиева прошли на Дальнем Востоке в Завитинском полку (г. Завитинск). В этом регионе он прослужил ровно десять лет, пройдя все должности: от командира взвода до командира дивизиона, которым стал в 27 лет. В должности командира дивизиона он трижды ездил на полигон, за что был награжден медалью за боевые заслуги.

Дальний Восток занимает особое место в сердце генерала. Неповторимая природа, ландшафты и климат покорили его настолько, что покинув однажды этот край, он еще долго скучал по его красотам.

Однако были и свои сложности. Например, только прибыв из училища, молодым офицерам сразу пришлось ощутить на себе суровый климат тех широт. «Романтики времени» добавляло проживание в палатках и «БАМовских домиках», тепло в которых давал древесный уголь.

Полк, в котором служил молодой офицер, стоял всего в 47 км от государственной границы. Подлетное время составляло меньше пяти минут, поэтому круглосуточное дежурство несла дежурно-боевая смена. В ее состав входил большой контингент, включая стреляющего офицера и офицера наведения. Время приведения в высшую степень боевой готовности составляло порядка четырех минут. Весь алгоритм был отработан до автоматизма.

- Думаю, мне повезло служить в полку, где требовался высочайший уровень подготовки. Она заключалась в том, чтобы специалисты досконально знали свою систему работы. Среди нас служили капитаны, мастера своего дела, которые обладали глубинными знаниями, далеко выходившими за рамки специальной литературы. Их знания действительно впечатляли, - говорит Копен Ахмадиев.

Одной из основ столь хорошей подготовки специалистов была самостоятельная система подготовки. При этом опытные специалисты передавали свои знания молодым.

Полученные знания значительно облегчили учебу Копена Ахмадиева в Военно-командной академии противовоздушной обороны, куда он поступил в 1986 году. Он признается, что в академии у него никогда не было «четверок» по ракетно-

стрелковой, тактической и специальной подготовке.

После учебы в академии Копен Ахмадиев продолжил службу заместителем командира полка в Барнауле, а затем начальником штаба полка в Томске.

В это же время начался процесс распада Советского Союза, республики одна за одной стали объявлять о независимости. По словам генерала, в тот момент офицеров охватила радостная эйфория от того, что можно будет вернуться домой в Казахстан. Но при этом было грустно, потому что теперь друзья оказались по разную сторону границ.

Желая продолжить службу в родных краях, осенью 1992 года он приехал в Казахстан и направился в ближайший полк, расположенный в с. Георгиевка (ныне – Калбатау) близ Семипалатинска, где был назначен заместителем командира полка.

Вскоре полк перешел под его командование. Вступив в должность, он приступил к решению насущных проблем, главная из которых заключалась в дисциплине.



При этом проблемы с техникой и вооружением ощущались не столь остро, поскольку на территории нашей страны осталось большое количество запасов техники. Боевая подготовка войск ПВО также не остановилась.

Со временем в армии удалось восстановить относительный порядок. Этому способствовали расширение законодательной базы и появление надзорных органов, таких как военная полиция и прокуратура.

Именно в эти непростые годы во главе армии независимого Казахстана стоял человек, которого уважали далеко за пределами нашей страны – первый министр обороны, Герой Советского Союза, генерал армии Сагадат Нурмагамбетов. Наш герой вспоминает его как душевного и доброго человека. В его доме хранится подписанная первым министром книга воспоминаний, которую Копен Ахмадиев хочет передать своему сыну.

- Сагадат Кожахметович был простым в общении человеком. Он не боялся брать ответственность, назначая нас, вчерашних командиров полков, на стратегические должности. Тем самым он занимался нашей подготовкой. В этом заключался тот подвиг, который он совершил в мирное время, - говорит Копен Ахмадиев.

Особую роль в жизни нашего героя сыграл министр обороны, генерал армии Мухтар Алтынбаев, которому в этом году исполняется 80 лет. Именно по его инициативе в 1998 году путем объединения войск ПВО и ВВС были созданы Силы воздушной обороны. Благодаря этому шагу выросла укомплектованность офицерскими кадрами, оснащение техникой и вооружением, увеличилось число средств управления и связи. Вскоре по примеру Казахстана созданием подобной системы занялось руководство Вооруженных Сил других союзных республик.

- В работе Мухтара Капашевича отличала требовательность, - вспоминает Копен Ахмадиев совместную службу с министром обороны. - Будучи сведущим в делах ВВС и ПВО, он отлично понимал их специфику. Это обстоятельство не позволяло ничего от него утаить. Словом, это был грамотный специалист высокого уровня, на которого многие равнялись.

Именно Мухтар Алтынбаев в 1998 году назначил генерала Ахмадиева начальником Главного штаба Сил воздушной обороны. После этого он также был назначен председателем комиссии по сокращению войск ПВО.

